



**№39 «Қызылөзек» орта мектебінің  
«Оқуға құштар мектеп» жобасынның атқарылған  
іс-шаралары  
2023-2024 оқу жылы**

## АНЫҚТАМА


**Мақсаты :** 1-сынып оқушыларын кітапханамен таныстыру, кітапхана туралы мәлімет беру, кітаптың адам өміріндегі маңызы туралы мәлімет беру, кітапты пайдалану ережесімен таныстыру.

**Кітапханашы:** Бүгін кітапхана әлеміне саяхат жасаймыз. Бүгін сендер, мектеп кітапханасына жазылмаған балалар, оқырман болып қабылданасыңдар. Мектеп кітапханасына қонаққа хош келдіңіздер. Кітаптар кітапханада тек қана сақталмайды, олар мұнда өмір сүреді және өздерінің оқырмандарына қонаққа барады.



## АНЫҚТАМА

Қызылорда қалалық білім бөліміне қарасты №39 "Қызылөзек" орта мектебінде мектеп директорының бейінді ісі жөніндегі орынбасары Б.Р. Бекенова мен кітапханашы Г.Сыздықованың ұйымдастыруымен "Оқуға күштар мектеп" жобасы аясында «Қандай кітап оқып жүрсің?» тақырыбында челлендж ұйымдастырылды. Кітап оқуды сәнге айналдыру, мектеп оқушыларының оқырмандық белсенділігін ұйымдастыру және оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекеттегі оқырмандық қалауын ескере отырып кітап оқуды насихаттау мақсатында ұйымдастырылған челленджге мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары белсенді түрде қатыса білді. Оқушылар қазақ жазушыларының кітаптарын, сондай-ақ қазақ тіліне аударылған әлем әдебиетіне тиесілі кітаптарды оқып қана қоймай, барша оқушыларды бос уақытты тиімді өткізуге, кітап оқып, әдеби шыңдауға шақырды.




## Анықтама

### «КІТАПХАНАҒА КІТАП СЫЙЛА!» АКЦИЯСЫ ӨТТІ!

Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге" деп ойшыл Абай Құнанбайұлы айтып кеткедей, түйсігі бар әрбір адам үшін ғылым мен білімнің қайнар көзі кітапта екенін ұғамыз.

Осы орайда №39 "Қызылөзек" орта мектебінде кітапханашы Г.Сыздыкова мен директордың бейінді ісі жөніндегі орынбасары Б.Бекенованың ұйымдастыруымен оқушылар және мұғалімдер арасында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Кітапханаға кітап сыйла" акциясы болып өтті. Акция мақсаты — кітапхананың кітап қорын пайдалануға жарамды әдебиеттермен толықтыру, оқырман мен кітапхана арасын нығайту және оқушыларды кітап оқуға тарту.

Акцияға мектеп мұғалімдерін бастап, оқушылар, ана-аналар кітапханаға әдеби кітаптар сыйға тарту етті.



## АНЫҚТАМА

Қазақ тілін жете білу арқылы біздер өнер мен білімнің, мәдениет пен ғылымның биігіне жетіп, өз халқымыздың өткенін зерделеп, оны әлемге таныта аламыз. Өз тілімізді құрметтеу арқылы басқа тілді де үйреніп, мәдениетін қадірлейміз. Елімізде қазақ тілінің мәртебесін өсіріп, мемлекеттік тілдің өз тұғырына қонуына атсалысып жүрген өзге ұлт өкілдері қаншама. Біздің Қазақстандағы халықтар тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Қазақстандағы ұлт өкілдері мен ұлыстың тату-тәтті бірлікте өмір сүріп жатқаны қазақ халқының ешкімді бөліп жармайтыны, жатсынбайтыны, бәрін де бауырына басатын кеңдігі деп

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 2023-2024 оқу жылының 5-қыркүйек күні халықаралық тілдер мерекесіне орай мектепшілік апталық өтті. Осы апталықтың бір күні яғни 7-қыркүйек күні мектеп кітапханасында «Тіл мәртебесі-ел мәртебесі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінің 2 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Оқырман әке-ана» тақырыбында оқырмандар конференциясы өтті.

**Мақсаты:** «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бірыңғай оқырман қауымдастығын қалыптастыру бойынша ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру, оқушылар мен ата-аналарды кітап оқуға тарту. Ата-аналармен мектеп кітапханасының тығыз байланыста болып ынтымақтастық құру, оскелең ұрпақтың сауатты болуына септігін тигізу.



Ұйымдастырушылар: *Касп* А.Касанова

*Есет* А.Есетова

## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 5-6 сынып оқушылары арасында «Оқуға құштар мектеп жобасы аясында **«Кел, балалар, оқылық»** атты кітап оқу чемпионаты өтілді.

**Мақсаты:** Оқырмандарды кітап оқу өнеріне, дүниетанымын кеңейтуге, көркем шығармалардың тамашалығын сезінуге, оқығандарын дұрыс бағалай алуға, оқыған кітаптары жайлы бір-біріне айтып, қызықтыруға, өмірде, еңбекте, оқуда кітапты пайдалануға баулу

Мектеп кітапханашысы Г. Сыздықова мен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ж. Омарова ұйымдастыруымен интеллектуалды сайыс өте қызықты болды.

Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі»

хикаяты бойынша «Алғырлар тобы» мен «Тапқырлар тобы» 4 кезең бойынша өз білімдерін ортаға салды.

1) «Тапқыр болсаң, тауып көр»

2) «Бұл кімнің сөзі»

3) «Оқиға желісін ретімен қой»

4) «Жалғасын баянда» кезеңдері бойынша сайысқа қатысушылар белсенділік танытып, қорытындысында тең дәреже көрсетті.

Сайыс соңында оқушыларға кітапшалар сыйға таратылды.



Ұйымдастырушылар:


Мектеп кітапханашысы:  Г.Сыздықова

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі:  Ж.Омарова

## АНЫҚТАМА

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде кітапханашы Г.Сыздыкова, сынып жетекшілер Л.Тұяқбаева, Ж.Бақытжанова, Ф.Түсіпбаевалардың ұйымдастырумен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың эпостық жырларға құштарлығын арттыру мақсатында «Бабалар үні» тақырыбында 5,6,7 сыныптарда Дөңгелек стол, 20 минуттық оқу болып өтті.

**Мақсаты:** ауыз әдебиеті жанарлық құрамы жағынан тұрмыс салт жырлары, эпостық жырлар, аңыз әңгімелерді насихаттау. Эпос «Құламерген». Батырлар жыры «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын». Тарихи жырлар «Абылай хан», «Қабанбай батыр», «Жанқожа батыр» шығармалары оқылып, рухани дүниеміздің алтын қазынасы болып қала беретін ауыз әдебиетіміздің жауһарларымен оқушыларымыз тереңірек таныстырылды.



Кітапханашы: *Г.Сыздыкова* Г.Сыздыкова

## Анықтама

Бүгін, яғни 2024 жылдың 15- қаңтар күні 9 а сыныбы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Туған өлке ақындарының шығармалары» тақырыбындағы сынып сағаты кезінде «Сырдария кітапханасы» құрамындағы көптеген жергілікті акын, жазушылардың шығармаларымен танысты.

**Мақсаты:** Тарихымызды түгендеп, жас ұрпаққа дәріптеу, келер ұрпаққа аманат етіп тапсыру. Сыр бойынан шыққан акын, жазушыларды оқырмандарға насихаттау. Кітап оқуға құштарлығын арттыру, ой-өрістерін кеңейту.

Сынып сағаты кезінде оқушылар туған өлке акын жазушыларының өмірбаянымен, шығармаларымен тереңірек таныса отырып, ақындардың шығармашылығы төңірегінде сұрақтар қойып, пікірлерімен бөлісті.



Сынып жетекшісі:

А.Абилова

Кітапханашы:

Г.Сыздыкова

## АНЫҚТАМА

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Абайдың қара сөздері - тәрбие көзі» тақырыбында 6 «Б» сыныбында тәрбие сағаты өтті.

**Мақсаты:** Абайдың қарасөздерінің тәрбиелік мәнін ашу, оқушыларды «жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп», «толық адам» болуға ұмтылуға, ғылым-білімді игеруге өз бетімен ынталануына талап көзін ашу, өз ойларын толық жеткізе білуге дағдыландыру, сөйлеу мәдениетіне баулу, адал достыққа тәрбиелеу.



Кітапханашы: *Г.Сыздыкова* Г.Сыздыкова  
Сынып жетекші: *Ж.Бакытжанова* Ж.Бакытжанова

## АНЫҚТАМА

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 10 сынып оқушылары арасында «Менің сүйікті кітабым» тақырыбында Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» көркем шығармасы оқылып челлендж ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** Кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру,сөйлеу мәдениетін арттыру,кітапты сүйе білуге,кітапты қадірлеуге,өз ойын дұрыс жеткізе білуге баулу. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арта түсіріп,қаншалықты кітап оқитынын анықтау,білімнің кітапта екенін ұғындыру. Кітап оқу- тұлға болып қалыптасуға ықпал ететін бірден- бір күш.




## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде наурыз айының 15 күні «Органикалық заттардың ерекшеліктері» тақырыбында химия пәнінен 9 «Б» сыныбында ашық сабақ болып өтті.

Ашық сабақтың мақсаты: Жаңа технология элементтерін қолдана отырып, оқушылардың химия пәні бойынша білімдерін тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Сабақ барысында оқушыларды «Spinner» әдісімен 3 топқа бөлінді. Үй тапсырмасын сұрауда «Google Disk» платформасы қолданылды, әрі қарай жаңа сабақ АКТ арқылы көрсетіліп, МОДО-да кездесетін функцияналдық тапсырмалар берілді, оқушылар топтық, жеке жұмыстарды жасап және тапсырмаларды орындап сабақ мақсатын аша білді. Сабақты қорытындылап кері байланыс жасау үшін «Додокаэдр» әдісі қолданылды.

Пән мұғалімі: Абдиев Рустем



## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 15.03.2024 ж күні «Күрделі функцияның туындысы» тақырыбында алгебра пәнінен 10а сыныбында ашық сабақ болып өтті.

Ашық сабақ мақсаты: Жаңа технология элементтерін қолдана отырып, оқушылардың алгебра пәні бойынша білімдерін тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Сабақ барысында оқушыларды «Жарық» әдісімен топқа бөлінді. Үй тапсырмасын сұрауда «Learningapps» платформасы қолданылды, әрі қарай жаңа сабақ АКТ арқылы көрсетіліп, ұбт-да кездесетін күрделі есептерді талқылады, оқушылар кезекпен тақтада жеке жұмыс жасап және «Судағы есеп» әдісі бойынша тапсырмаларды орындап сабақ мақсатын аша білді. Сабақты қорытындылау үшін "QUIZZ" платформасында тест жұмысын QR код арқылы орындады. Сабаққа кері байланыс, яғни рефлексия таратпа қағаз арқылы өткізілді, сабақ соңында бағалау жүргізіліп, үй тапсырмасы берілді.

Пән мұғалімі: Жүнісов Жаңабай



## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 15.03.2024 ж күні «Электролиз заңы» тақырыбында физика пәнінен ашық сабақ болып өтті.


Ашық сабақ мақсаты: Жаңа технология элементтерін қолдана отырып, оқушылардың физика пәні бойынша білімдерін тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Сабақ барысында үй тапсырмасын сұрауда "QUIZIZZ" платформасы қолданылды, әрі қарай жаңа сабақ АКТ арқылы көрсетіліп, дұбт-да кездесетін күделі

есептерді талқылады, оқушылар кезекпен тақтада жеке жұмыс жасап, сабақ мақсатын аша білді. Сабақты қорытындылау үшін "QUIZIZZ" платформасында тест жұмысын орындады.

Сабаққа кері байланыс, яғни рефлексия QR код әдісімен өткізілді, сабақ соңында бағалау жүргізіліп, үй тапсырмасы берілді.

Пән мұғалімі: Ермекбаев Қайсар



### Анықтама

№ 39 «Қызылөзек» орта мектебінде 2023 жылғы 30 қазан мен 05 қараша аралығында күзгі демалыс кезінде балалардың бос уақытын ұйымдастыруда «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» жоспарына сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылды.

Күзде оқуға арналған кітаптардың тізімінен балалар бос уақыттарын, ең танымал және қызықтыда өз елін, өз жерін құрметтеуге, сыйлауға арналған туындыларды таңдады

Атқарылған жұмыстар «Facebook» парақшасында жарияланды.

№	Өткізілген іс-шара тақырыбы	Сыныбы
1	<p style="text-align: center;"><b>КҮЗДЕ БІЗ ЖАЛЫҚПАЙМЫЗ, КІТАП ОҚИМЫЗ</b></p> <p>"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында білім алушылардың күзгі демалысын және бос уақытын тиімді өткізу, күзгі демалыс іс-шараларының жоспарына сәйкес "Күзде жалықпаймыз, кітап оқимыз!" ұранымен 6 "Б" сыныбының оқушылары "Қарғыл" романын оқып шықты. Авторы: Дулат Исабеков. Сонымен қатар әлем әдебиетінен Дж.К.Роулиннің "Гарри Поттер" кітабын да қызығушылықпен оқып шықты.</p>	6«Б» сыныбы
2	<p>"Оқуға құштар мектеп" жобасы және "Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз" акциясы аясында мектеп оқушылары күзгі демалыс кезінде уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында мектеп кітапханасында, үйде, ата-анасымен бірге кітап оқыды. Кітап оқу баланың көкжиегін кеңейтеді, оқуға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын оятады, кітап оқу мен ойын-сауық арасындағы тепе-теңдікті сақтайды. Осы тұста 7" А" сыныбының оқушысы Әділ Айбар өз отбасымен және атасымен бірге кітап оқып, мазмұны мен құндылығын талқылады. Әділ атамыз немерелеріне кітап оқудың пайдасы жайлы кеңінен түсіндіріп берді.</p>	7 «а» Сыныбы
3	<p style="text-align: center;"><b>КҮЗДЕ БІЗ ЖАЛЫҚПАЙМЫЗ, КІТАП ОҚИМЫЗ</b></p> <p>"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында білім алушылардың күзгі демалысын және бос уақытын тиімді өткізу, күзгі демалыс іс-шараларының жоспарына сәйкес "Күзде жалықпаймыз, кітап оқимыз!" ұранымен 2 "А,Б" сыныбының оқушылары Фариза Онғарсынованың "Керемет жыр шумақтары" кітабын оқып шықты. Мақсаты: оқушыларға кітап оқу арқылы үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруге баулу, кітап оқу арқылы ар-ұят ұстанымын ұстауға баулу, кітап арқылы тәрбиелеу. Сауатты оқуға бағыттау, оқушыларымыздың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру.</p>	2 «А,Б»
4	<p style="text-align: center;"><b>КҮЗДЕ БІЗ ЖАЛЫҚПАЙМЫЗ, КІТАП ОҚИМЫЗ</b></p> <p>"Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру мақсатында күзгі демалыс кезінде «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» атты іс-шараларды ұйымдастыру жоспары аясында мектебіміздің 5 «Б» сынып оқушылары «ҚОРШАҒАН ӘЛЕМДІ БІРГЕ ТАҢУ» ұранымен Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасын біріге оқып шықты. Мақсаты: оқушыларға кітап оқу арқылы үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруге баулу, кітап оқу арқылы ар-ұят ұстанымын ұстауға баулу, кітап арқылы тәрбиелеу. Сауатты оқуға бағыттау, оқушыларымыздың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру.</p>	5 «Б» сыныбы

	<p>Сауатты оқуға бағыттау, оқушыларымыздың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру.</p> <p>Оқушылар шығарманың мазмұнын талқылап, кейіпкерлер жүйесіне, шығарманың өзектілігіне өз көзқарастарын білдірді және "Күзгі кітаппен селфи" жұмыстарын жүргізді.</p>	
5	<p><b>КҮЗДЕ БІЗ ЖАЛЫҚПАЙМЫЗ, КІТАП ОҚИМЫЗ</b></p> <p>Оқушылардың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» тақырыбында кітап оқу акциясы ұйымдастырылды.</p> <p>Акцияның мақсаты: Кез-келген жастағы оқырманның уақытын тиімді өткізу және кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, сөздік қорын молайтуға ықпал ету. Күзгі демалысты тиімді пайдалану.</p> <p>Осы орайда 6 «А» сынып оқушылары ауыл кітапханасына барып, «Шешендік сөздер» атты би-шешендердің шығармаларын оқып танысты.</p> <p>Оқушылар әр оқыған қызықты әңгімелерінен түйген ойларымен өз достарымен бөлісті. Көп оқыған бала көп біледі.</p>	<b>6 «А» сыныбы</b>
6	<p><b>КҮЗДЕ БІЗ ЖАЛЫҚПАЙМЫЗ, КІТАП ОҚИМЫЗ</b></p> <p>Күзгі демалыс іс-шараларының жоспарына сәйкес, "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында білім алушылардың күзгі демалысын және бос уақытын тиімді өткізу мақсатында "Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз!" ұранымен 5 "А" сыныбының оқушылары Абай Құнанбайұлының 45 қара сөзін оқып шықты.</p> <p>Мақсаты: оқушыларға кітап оқу арқылы үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруге баулу, кітап оқу арқылы ар-ұят ұстанымын ұстауға баулу, кітап арқылы тәрбиелеу.</p> <p>Сауатты оқуға бағыттау, оқушыларымызды күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру.</p>	<b>5 «А» сыныбы</b>
7	<p><b>КҮЗДЕ БІЗ ЖАЛЫҚПАЙМЫЗ, КІТАП ОҚИМЫЗ</b></p> <p>"Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру мақсатында күзгі демалыс кезінде «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» атты іс-шараларды ұйымдастыру жоспары аясында мектебіміздің 5 «Ә» сынып оқушылары «ҚОРШАҒАН ӘЛЕМДІ БІРГЕ ТАҢУ» ұранымен Бердібек Соқпақбаевтың "Менің атым Қожа", Міржақып Дулатұлының "Оян Қазақ" шығармаларын біріге оқып шықты.</p> <p>Мақсаты: оқушыларға кітап оқу арқылы үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруге баулу, кітап оқу арқылы ар-ұят ұстанымын ұстауға баулу, кітап арқылы тәрбиелеу.</p> <p>Сауатты оқуға бағыттау, оқушыларымыздың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру.</p>	<b>5 «Ә» сынып</b>
8	<p><b>КҮЗДЕ БІЗ ЖАЛЫҚПАЙМЫЗ, КІТАП ОҚИМЫЗ</b></p> <p>"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында білім алушылардың күзгі демалысын және бос уақытын тиімді өткізу мақсатында, күзгі демалыс іс-шараларының жоспарына сәйкес "Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз!" ұранымен 8 "А" сыныбының оқушылары «Тарихи тұлғалар» кітабынап Қазыбек бидің шешендік сөздерін оқып, өзара талқылады.</p> <p>Мақсаты: оқушыларға кітап оқу арқылы үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруге баулу, кітап оқу арқылы ар-ұят ұстанымын ұстауға баулу, кітап арқылы тәрбиелеу.</p>	<b>8 «А» сынып</b>

	ұйымдастыру.	
--	--------------	--

Мектеп кітапханашысы: Г.Сыздыкова

## АНЫҚТАМА

Қазақ тілін жете білу арқылы біздер өнер мен білімнің, мәдениет пен ғылымның биігіне жетіп, өз халқымыздың өткенін зерделеп, оны әлемге таныта аламыз. Өз тілімізді құрметтеу арқылы басқа тілді де үйреніп, мәдениетін қадірлейміз. Елімізде қазақ тілінің мәртебесін өсіріп, мемлекеттік тілдің өз тұғырына қонуына атсалысып жүрген өзге ұлт өкілдері қаншама. Біздің Қазақстандағы халықтар тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Қазақстандағы ұлт өкілдері мен ұлыстың тату-тәтті бірлікте өмір сүріп жатқаны қазақ халқының ешкімді бөліп жармайтыны, жатсынбайтыны, бәрін де бауырына басатын кеңдігі деп





№39 «Қызылөзек» орта мектебінде 2023-2024 оқу жылының 5-қыркүйек күні халықаралық тілдер мерекесіне орай мектепшілік апталық өтті. Осы апталықтың бір күні яғни 7-қыркүйек күні мектеп кітапханасында «Тіл мәртебесі-ел мәртебесі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бүгінгі сән - кітап оқу» тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында орыстың ұлы ақыны, жазушысы А.С.Пушкиннің туғанына 225 жыл толуына орай оқу конференциясы болып өтті. Конференция ақынның «Моцарт и Сальери» шығармасына арналды.

**Мақсаты:** оқушыларға мәтінді орыс тілінде талдауға үйрету, оқыған шығармалары жайында қорытынды жасай білу, сыни тұрғыдан ойлану дағдыларын дамыту, оқу сауаттылығын және орысша кітап оқуға деген құштарлығын дамыту. Іс-шара Padlet тақтасы және LearningApps.org және Wordwall платформалары арқылы өткізілді. Оқушылар берілген тапсырмаларды орындап, сұрақтарға жауап беріп, шығарманың мәні мен маңызы жайында айтып, ойларын қорытындылады.



## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінің 2 «А» сынып оқушылары және №10 кітапхана филиалының ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бүгінгі сән-кітап оқу» тақырыбында «Кітап-асыл қазына» атты ашық есік күні өтті.

**Мақсаты:** оқушылардың әдебиетке жақын болуына, кітап оқуға деген құштарлығын арттыру, оқырман санасына ұлттық құнды шығармаларды танып білуге шақыру. Кітапханада барлық жазушылардың шығармалары таныстырылып, кішкентай бұлдіршіндерге ертегілер ұсынылды.



Сынып жетекшісі: *Есетова А.*


## Анықтама

№39 «Қызылөзек» орта мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында. «Бүгінгі сән - кітап оқу» апталығында «Абайдың кара сөздері-тәрбие көзі» тақырыбында 7 «а» сыныбында тәрбие сағаты болып өтті.

**Мақсаты:** Абайдың кара сөздерін терең меңгеру тәрбиелік мәнін түсіндіру

Дана Абайдың мұрасы заман мен уақыт төрелігіне бағынбайды өз шығармашылығын адамзат болмысына қатысты мәңгілік тақырыптарға арқау ете білген ғұламалар уақыт өткен сай түрленіп, толығып, құндылығы арта түседі.

Абайдың «Қара сөздері»-оның өнер танымының өзегін құрайтын өзгеше өнер түрі. Олардың ішкі мазмұны бір-біріне ауқымды кенейе түсетін, күннің нұрындай жарыса тарап жатқан ой сәулелері секілді.



Сынып жетекші:

Л.Туяқбаева

Кітапханашы:

Г.Сыздыкова

## Анықтама

08.04.2024ж № 39 «Қызылөзек» орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пән апталығының ашылуы болып өтті. Орыс тілі мен әдебиеті пәні апталығының тақырыбы: «Тіл- достық пен келісім орнатудың дәнекері»

Ашылу салтанаты «Казахстан – это яркий мир» әнімен басталды.

**Максаты:** орыс тілі мен әдебиетін оқытудың тиімділігін арттыру; пәнге деген оқушылардың қызығушылығын ояту; шығармашылық белсенділігін дамыту.

Жүргізуші орыс тілін құрмет тұтқан орыс әдебиет шеберлерін айта келіп, олардың тіл туралы айтқан сөздерін тілге тиек етті. Әрбір халықтың тілі – бұл бүтін әлем. Сондықтан оны бүкіл өмір бойы оқып үйренеміз. Үйрене отырып, өзіміз үшін керемет жаңалықтар ашамыз. Апталықтың ашылуында оқушылар белгілі орыс ақындарының өлеңдерін жатқа айтты..

5 сынып оқушысы Аян Жансая «Школа, двери распахни» әнін орындады.

Бірлестік жетекшісі оқушыларды апталықтың жоспарымен таныстырды. Откізілетін іс-шаралар белгілі орыс ақыны А.С.Пушкиннің осы жылы туғанына 225 жыл толуына орай болатынын атап айтты және аталған шараларға оқушыларды белсене қатысуға шақырды.



Проводили:




Сейдалиева С.

## АНЫҚТАМА

№39 «Қызылөзек» орта мектебінің мектепалды даярлық «Б» сыныбында «Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында 23 сәуір - Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай «Бүгінгі сән - кітап оқу» атты тәрбие сағаты өтілді. Мектеп кітапханашысы Г.Сыздыкова кітаптардың шығу тарихымен таныстырды. Балалар «Бауырсақ» ертегісін қойып, сюжеттік рөлге бөліп ойнады.

**Мақсаты:** Оқушыларға білім құралы кітаптың маңызын таныстыру. Оның алғашқы шығу тарихымен және алғашқы шығу тарихымен және алғашқы баспагерлермен, еліміздің баспаларымен, ертегілерімен таныстыра отырып, сөздік қорларын, тіл байлықтарын, ой - өрістерін, рухани байлығын, шығармашылық қабілеттерін арттыру, жан жақты дамыту. Оқушыларды білімділікке, адамгершілікке, кітап оқуға тәрбиелеу



Сынып жетекшісі:

Н.Қайырбекова

## Анықтама

Бүгін 15.03.2024жыл №39 «Қызылөзек» орта мектебінің 7 "А" а сыныбында Физика пәнінен «Механикалық жұмыс, қуат» тақырыбында ашық сабақ болып өтті.

**Мақсаты:** сабақ ұйымдастыру барысында үй тапсырмасын «ДОДОКАЭДР» әдісі арқылы сұрады. Балаларды топқа «Flippity» платформасы арқылы бөлді. «Балалар сабақ барысында жеке, жұптық, топтық тапсырмалар орындап физиологиялық жұмыс пен механикалық жұмыстың айырмашылығын түсініп, қуатқа байланысты есептер шығарды. Сабақ барысында түрлі мысалдарды интерактивті тақтада көрсетіп, балаларға платформалар арқылы тапсырмалар орындатты. Сабақ соңында оқушының сабақтағы өз әрекетіне рефлексия жүргізілді.

Пән мұғалімі: Тойбазарова Жанар

